

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының № 17 Жамбыл
колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдау жүргізу
нәтижелері туралы
АНЫҚТАМАСЫ**

**Жамбыл ауданы, Өрнек ауылы, С.Муканов көшесі № 32
04.04.2024 жыл**

Ішкі талдау объектісі: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының № 17 Жамбыл колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Мекеменің мекен-жайы: Жамбыл ауданы, Өрнек ауылы, С.Муканов көшесі № 32 **Жұмыс телефоны:** 8 7263352506

Электрондық поштасы: Kolledj17@mail.kz

Ішкі талдау комиссия тобы: Оспанов Жайшыбек Туретаевич

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

- Датаева Гулназ - әдіскер
- Суинбаева Гульбарам Тайбагаровна, бас бухгалтер;
- Қарашолақов Қуаныш- компаенс-қызметінің офицері.
- Асанова Айнагуль – іс жүргізуші
-

Ішкі талдау қамтылған кезеңі: 01.01.2024- 04.04.2024 ж. аралығы.

Жауапты уәкілетті тұлғалар:

- Суинбаева Гульбарам Тайбагаровна, бас бухгалтер;
- Қарашолақов Қуаныш- компаенс-қызметінің офицері.
- Асанова Айнагуль – іс жүргізуші
- Датаева Гулназ – әдіскер

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада № 14441 болып тіркелген) жүргізілді.

№17 Жамбыл колледжі құрылымы:

1. Әкімшілік- қаржы басқару бөлімі.
2. Педагог қызметкерлер бөлімі.
3. Шаруашылық бөлімі.

**Кәсіпорын қызметкерлер саны – 42 қызметкер
Барлығы – 42 қызметкер.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар мен өлшем шарттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. № 17 Жамбыл колледжі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

№ 17 Жамбыл колледжі өз қызметінде басшылыққа алатын және олардың негізгі қызметін қозғайтын төмендегі нормативтік-құқықтық актілер зерделенді:

№ 17 Жамбыл колледжі бекітілген Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызмет етеді. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталған жоқ.

II. № 17 Жамбыл колледжі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1) Қызметкерлер құрамын басқару бойынша:

2024 жылы есепті мерзімге дейін жұмыстан босатылған адамдар саны – 0, зейнет жасына толған- 2.

III. № 17 Жамбыл колледжі персоналды басқару, соның ішінде кадр ісі жөніндегі мамандардың ауысуы бойынша: жоқ

ҰСЫНЫС: Қызметкерлер ішінде құқық бұзушылықтарға жол бермеу.

IV. Тәртіптік жазаға тарту туралы: жоқ

№ 17 Жамбыл колледжі бекітілген Жарғы аясында қызмет атқарады.

1. **Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:** Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мүдделер қақтығыстығы орын алмаған.

2. № 17 Жамбыл колледжі мемлекеттік қызмет көрсетеді, білімгерлерді мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға қабылдау, ҚР

БҒМ заңнамаларына сәйкес оқудан шығару тәртібі, академиялық демалыс бер, бітірушілерге диплом құжаттарын беру т.б

V.

Қызмет көрсету бойынша: № 17 Жамбыл колледжі түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

- 2023 жылы есепті мерзімге дейін жеке және заңды тұлғалардан барлығы - 0 өтініш, ал 2024 жылы барлығы - 0 .

Азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштерін уақтылы және толық қарастырылуын қамтамасыз ету, олар бойынша шешім қабылдап, заңмен белгіленген мерзімде өтініш иесіне жауап қайтару № 17 Жамбыл колледжі негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Ұсыныс: Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде заң бұзушылықтарға жол бермеуді. Тиісті орындаушыларға түсіндіруді.

VI. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен мемлекеттік аудитті өткізуі, нәтижелері және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша тексеріс актілері және Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бойынша:

№ 17 Жамбыл колледжі бойынша қазан айында Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының аудиторлық есебі болды. Мемлекеттік аудит барысында көрсетілген кемшіліктер толық жойылды. Мемлекеттік аудит жүргізуде сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ және кедергі келтіру фактілері орын алған жоқ.

18.09-29.09. 2023 жыл аралығында аудиторлық тексеру жүрді.

Прокурорлық қадағалау актілері болған жоқ.

Сотқа жүгіну әрекеттері болған жоқ.

VII. № 17 Жамбыл колледжі өткізілген мемлекеттік сатып алулар саны және өткізу тәсілдері, олардың қорытындылары мен келісім шарттары және орындалу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдары аясында жүргізіледі.

Есептік кезеңде жоғарыда аталған функциялар бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері мемлекеттік сатып алулар кезеңінде анықталған жоқ.

VIII. № 17 Жамбыл колледжі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ағымдағы жылдың есептік кезеңінде профилактикалық және атқарылған іс-шаралар ақпараты төмендегідей:

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі № 17 Жамбыл колледжі басшысының тұрақты бақылауында. № 17 Жамбыл колледжі кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іс-шаралар туралы:

1. № 17 Жамбыл колледжі директорының м.у.а. Ж.Оспанов 04.04.2024 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін ұйымдастыру жөніндегі Ережені» жауапты тұлғаның лауазымдық міндетіне жауапты қызметкерлермен таныстырылды.
2. № 17 Жамбыл колледжі директоры Т.Абдибековтың 05.09.2023 ж. бұйрығымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру жөніндегі Ережемен тағыда таныстырылды.
3. № 17 Жамбыл колледжі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және нұсқаулығын» бекітті. Жауапты қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге қол қойды.
4. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне және Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне уақтылы есептер тапсырылып отыр.

Қызметшілердің қызмет саласындағы қолданыстағы заңнама нормаларын бұзу фактілері туралы хабарламаларға жедел түрде шара қолдану мақсатында № 17 Жамбыл колледжі басшысы азаматтарды жеке мәселелер бойынша қабылдауын жүргізеді. Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының орындалуы қатаң түрде бақыланады. Келіп түскен өтініштер бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде түсінік беріліп, шаралар қолданылады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік көзқарасты қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұрышы мен өтініштер үшін арнайы жәшік орнатылған.

№ 17 Жамбыл колледжі 2023 жылы есепті мерзімге дейін сыбайлас жемқорлыққа байланысты 2 (екі) іс-шара өткізілді (жеке есептік кестеде № 17 Жамбыл колледжі фейсбук және инстаграм парақталарына сілтемелері көрсетілген).

Есептік кезеңде № 17 Жамбыл колледжі қызметшілері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық фактілері орын алмаған.

Қорытындылай келе № 17 Жамбыл колледжі қызметкерлеріне келесі іс-шараларды орындау ұсынылады:

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша жұмыстарды орындау барысында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларын сақтау және кадрларды жиі ауыстыру фактілеріне жол бермеу. Мерзімі - тұрақты.

2. Мүдделер қақтығысына жол бермеу. Мерзімі - тұрақты.

3. № 17 Жамбыл колледжі Жарғысында бақылау функцияларын іске асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген талаптарды бұзбау. Мерзімі - тұрақты.

4. № 17 Жамбыл колледжіне келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне мерзімінде жауап беру, өтініште көрсетілген мәселелер күзіретіне кірмесе, сол өтінішті заңнамаға сәйкес күзіретіне кіретін органға мерзімінде жолдау. Мерзімі - тұрақты.

5. Жұмыс барысында және жұмыстан тыс уақытта Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау. Мерзімі - тұрақты.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Мерзімі - тұрақты.

**Ішкі талдау жүргізген
жұмысшы топ мүшелері:**

Датаева Гулназ -әдіскер

Суинбаева Гульбарам Тайбагаровна, бас бухгалтер

Қарашолақов Қуаныш- комплаенс-
қызметінің офицері.

Асанова Айнагуль – іс жүргізуші